

Қазақстан Республикасы барлық мемлекеттік органдарының мемлекеттік қызметкерлер арасында, «Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік қызметіне орналасу үшін ішкі конкурс.

С-О-5 санаты үшін: Жоғары білім;

мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3

санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-5, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-3 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

4) мемлекеттік қызмет өтілі орталық, облыстық немесе қалалық деңгейдегі құқық қорғау органдарының немесе арнайы мемлекеттік органдарының лауазымдарында немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының лауазымдарында екі жылдан кем емес;

5) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

С-Р-3 санаты үшін: Жоғары білім. Мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, стратегиялық ойлау, көшбасшылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-2

санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде мемлекеттік органның штат кестесінде көзделген келесі төменгі санаттағы лауазымдарда немесе А-5, В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-2 санаттарынан төмен емес лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

3) А-5, В-6, С-5, С-О-6, С-Р-4, D-О-6, Е-5, Е-Р-4, Е-Г-2 санаттарынан төмен емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда немесе Тізіліммен айқындалған «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарында немесе саяси мемлекеттік лауазымдарда немесе

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде немесе тұрақты негізде қызмет ететін облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының депутаты мәртебесінде немесе халықаралық қызметкер мәртебесінде қызмет өтілі бір жарым жылдан кем емес;

4) мемлекеттік қызмет өтілі екі жарым жылдан кем емес, оның ішінде орталық, облыстық, қалалық немесе аудандық деңгейдегі құқық қорғау органдарының немесе арнайы мемлекеттік органдарының лауазымдарында немесе Қарулы Күштер әскери басқару органдарының тактикалық деңгейінен төмен емес, жергілікті әскери басқару органдарының немесе әскери оқу орындарының лауазымдарында екі жылдан кем емес;

жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

С-R-4 санаты үшін: Жоғары білім. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалды бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік білімі барларға рұқсат етіледі.

Мынадай құзыреттердің бар болуы: бастамалық, адамдармен тіл табысуы, аналитикалық, ұйымдастырушылық, әдептілік, сапаға бағдарлану, тұтынушыға бағдарлану, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;

жоғары білім болған жағдайда жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық жалақысы:

Категория	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты	
	min	max
С-О-5	83282	112430
С-R-3	96607	129920
С-R-4	73288	99105

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, 150000, Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі, 56, анықтама үшін телефондар: 8 (7152) 50-00-51, факс 46-45-07, 46-21-98 электронды мекен-жайы: aimambekova@taxsko.mgd.kz, a.imambekova@kgd.gov.kz бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға **ІШКІ КОНКУРС** жариялайды:

1. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің адам ресурстары басқармасы қызметтік тергеу бөлімінің бас маманы (2021ж. 01.04. дейін уақытша негізгі қызметшінің бала күту жөніндегі демалыс кезеңіне), санаты С-О-5, 1 бірлік;

Функционалды міндеттері: Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, сол сияқты ҚР ҚМ МКК тапсырмалары және СҚО бойынша МКД басқа да құрылымдық бөлімшелерінің қызметтік жазба хаттары бойынша СҚО бойынша МКД және аудандар бойынша МКБ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) қызметтік тексерулер мен тексерулер жүргізеді, оларды жоюға және болдырмауға ұсыныстар шығарады; нәтижелерді қорытындылайды; қызметкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау; қажет жағдайлар туындағанда тәртіптік ықпал етуге шаралар қабылдау туралы ұсыныс енгізу, аудандар бойынша МКБ бақылау-экономикалық жұмыс жағдайына бөлімнің құзіретіне енетін мәселелер бойынша кешенді және тақырыптық тексерулер жүргізуге қатысады; бөлімнің құзіретіне қатысты аудандар бойынша МКБ бақылау мен практикалық көмек көрсету жөніндегі жұмыс жоспары мен шараларды жасайды және орындайды; негізгі міндеттерден басқа СҚО бойынша МКД басшысының, басқарма басшысы мен бөлім басшысының нұсқамалары мен тапсырмаларын орындайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларын, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

2. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Ұйымдастыру-қаржы басқармасы ұйымдастыру бөлімінің бас маманы, санаты С-О-5, 1 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Аумақтық басқармаларға заңнамалық және нормативтік актілерді, бұйрықтарды, нұсқаулар мен бақылау тапсырмаларын жеткізеді және олардың орындалуына бақылау жасайды. Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңнамалық актілерін, нормативтік құқықтық актілерінің нормалары мен ережелерін, мемлекеттің тіл саясатын реттейтін Комитеттің, Департаменттің бұйрықтарын, өкімдерін, нұсқауларының орындалуын ұйымдастыру жөніндегі жұмысты жүзеге асырады. Департаменттің құрылымдық бөлімшелерінде және аумақтық басқармаларында мемлекеттік тілді дамыту бойынша жұмысын жоспарлап, жоспарланған іс-шаралардың орындалуын бақылайды. Жеке құрамда мемлекеттік тілді оқытуды ұйымдастырады, мемлекеттік тілді үйрену үшін топтар қалыптастырады. Құжат айналымы бойынша мемлекеттік тілде баяндама жасайды. Мемлекеттік тілдің жұмыс істеуі туралы анықтамаларды, есептерді, басқа да ақпаратты дайындайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару, мұрағаттану, құжаттану және құжаттамалық қамтамасыз ету) немесе «құқық» немесе «білім», (қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті) бейіндері бойынша.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларының, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

3. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы жеке кәсіпкерлермен, адвокаттармен, нотариустермен жұмыс жөніндегі және арнаулы салық режимдер бөлімінің басшысы, санаты С-R-3, 1 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Арнаулы салық режимдері бойынша деректерді жинау, жинақтау және талдау бойынша, шағын бизнес субъектілерінің мониторингі бойынша бөлім жұмысын ұйымдастыру және бақылау, заңды тұлғалардың патенттер есебінің дұрыстығын бақылау, салықтарды жинау ды жүзеге асыру бойынша уәкілетті органдардың аумақтық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру, салық төлеушілер туралы 2-Н есебін қалыптастырады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларының, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

4. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы жанама салықтарды әкімшілендіру бөлімінің бас маманы, санаты С-R-4, 1 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Бюджетке жанама салықтарын әкімшіліктендіру және түсімі бойынша жұмыс жүргізу, барлық тексеру түрлерін жүзеге асырады, есептіліктерді және бақылау тапсырмаларын орындайды, акциздік постарда кезекшілік жүргізеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік: «сервис, экономика және басқару» (экономика (салалар бойынша), есеп және аудит (салалар бойынша), қаржы (салалар бойынша) немесе «құқық».

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларының, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

5. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Петропавл қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы Құқықтық жұмыстар және салықтық заңнамаларды түсіндіру бөлімінің бас маманы, санаты С-R-4, 1 бірлік;

Функционалдық міндеттері: Сотта және басқа да органдарда құқық мәселелерін қарау барысында салық басқармасының мүдделерін ұсынады, шаруашылық шарттарды дайындауға қатысу, тәжірибелік талдау, мемлекеттік кірістер органының қызметіне қатысты заңнамалық қызметі туралы ақпараттық материалдарды оларды оқытуды ұйымдастыру, салық есептілігін жасауға, іске асырылатын заңнамаларға үгіт-насихат жүргізу. Заңды және жеке тұлғаларға салық салу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын іске асыру және ұйымдастыру. Салық төлеушілердің арызына талдау, шаруашылық субъектілеріне және арыздары мен өтініштерін қарау, жұмысты жетілдіру мақсатында қоғам пікірін зерделеу, салық жағдайлары бойынша шолу дайындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары білім: «әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (экономика, есеп және аудит, қаржы, мемлекеттік және жергілікті басқару) немесе «құқық» бейіндері бойынша.

Орта білімнен кейінгі немесе техникалық және кәсіптік: «сервис, экономика және басқару» (экономика (салалар бойынша), есеп және аудит (салалар бойынша), қаржы (салалар бойынша) немесе «құқық» бейіндері бойынша рұқсат етіледі.

Тиісті санат үшін мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу бағдарламасымен қарастырылған Қазақстан Республикасының заңнамаларының, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындауға қажетті басқа да міндетті білімдер.

Құжаттарды қабылдау мерзімі ішкі конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланған кейін келесі жұмыс күннен бастап 3 жұмыс күн.

Аумақтық бөлімшелердің қызметкерлері сканерленген құжаттарын aimambekova@taxsko.mgd.kz, a.aimambekova@kgd.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша ұсына алады.

Іріктеуге қатысу үшін:

а) қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш (2- қосымша);

б) тиісті персоналды басқару қызметімен құжаттарды тапсыру күніне дейін күнтізбелік 30 күн ішінде расталған қызметтік тізім.

Басқарушы лауазымдарына үміттенген кандидаттар конкурс комиссиясымен айқындалған тақырыптар тізімінен бір эссені жазады.

Конкурс комиссиясының қарауына азаматтар конкурс өткізетін мемлекеттік органға құжаттарын қолма-қол тәртіпте, почта арқылы не хабарландыруда көрсетілген электрондық почта мекенжайына (aimambekova@taxsko.mgd.kz, a.aimambekova@kgd.gov.kz) электронды түрде не «Е-gov» электронды Үкімет порталы арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде тапсырады.

Құжаттар электронды түрде мемлекеттік органның электрондық почтасы не «Е-gov» электронды Үкімет порталы жүйесі арқылы берілген жағдайда олардың түпнұсқасы ***әңгімелесу басталғанға дейін екі сағаттан кешіктірілмей беріледі.***

Оларды бермеген жағдайда тұлға конкурс комиссиясымен әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының олардын қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Ішкі конкурсқа қатысатын және әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінде, 150000, Петропавл қ., К.Сүтішев көшесі, 56 мекен жайы бойынша, (анықтама үшін телефондар: 8(7152) 50-00-51, 46-45-07, 46-21-98) кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушылар шақырылады.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Мемлекеттік органның басшысының (жауапты хатшысының) келісімі бойынша конкурс комиссиясының отырысына сарапшылар шақырылады. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар мен кандидаттар уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне, не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде конкурс комиссиясының шешіміне шағымдана алады.

«Б» корпусының мемлекеттік
әкімшілік лауазымына
орналасуға конкурс өткізу
қағидаларына 2-қосымша

(мемлекеттік орган)

Өтініш

Мені _____

_____ бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасу
конкурсына қатысуға жіберуіңізді сұраймын. Мемлекеттік әкімшілік
лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын
қалыптастыру қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, олармен
келісемін және орындауға міндеттеме аламын.

Ұсынылып отырған құжаттарымның дәйектілігіне жауап беремін.

Қоса берілген құжаттар:

Мекен жайы және байланыс телефоны _____

_____ қолы

(Т.А.Ә. (болған жағдайда)

«__» _____ 20__ ж.